

С.Д Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина  
университеті

**СӨЖ**

Тақырыбы: Қан тобын анықтау

Орындаған: Берикханова Б.Н


## Қан тобы



Эритроциттердің индивидуальді антигендік характеристикасы, ол эритроциттердің мембранасындағы арнайы белоктар және көмірсулар арқылы анықталады.

Қан тобын негізі АВ0 жүйесі бойынша анықтайды. Сонымен қатар оны анықтайтын басқа да бірнеше әдістер бар. АВ0 жүйесін алғаш 1900 жылы ұсынған ғалым Карл Ландштейнер. Қан плазмасында альфа және бетта аглютинидер, А және В агглютиногендері болады. Осыларға байланысты аглютинин және агглютиногендердің 4 түрлі комбинациясын анықтайды.

- Альфа және бетта бірінші (0);
- А және бетта екінші (А);
- альфа және В үшінші (В)
- А және В төртінші (АВ);



## Адам қан тобының сәйкестілігі:



ABO жүйесі бойынша қан тобы сәйкестілігін анықтау Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде донорлық қан жетіспеу кезінде анықталды. Донор және реципиенттің қаны бір біріне сәйкес болуы керек. Бас кезінде қан жетіспеу кезінде резус теріс 1-топ қанын құюға рұқсат берілген болатын, және ол топ универсальді қан тобы болып саналған. Ал қазіргі кезде ол қатты қажеттілік болған жағдайда ғана тек 500 мл-ге дейін ғана мүмкін.

## Қан тобын анықтау

Клиникада қан тобын анықтауда моноклональді антиденелер қолданылады. Ол үшін арнайы планшеткаға қан тамшысы тамызылып арнайы антиденелер ( цоликлон А, цоликлон В және цоликлон АВ) тамызылады. Реакция анық болмаған жағдайларда планшеткаға физиологиялық ерітінді тамызылады.

Егер адамға сәйкес емес қан тобын құйса онда ол иммунологиялық реакцияға, эритроциттердің бір-біріне жабысуына әкеледі. Бұл гемолитикалық анемия, бүйректің жедел жеткіліксіздігі және шок түрінде көрінуі мүмкін. Сол себепті көп елдерде қан тобының паспортын жасайды, әсіресе ол әскери қызметкерлердің міндетті құжаты болып саналады.